

**Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы,
Амангелді жалпы орта білім беретін мектебі
2024-2025 оқу жылында психологиялық қызметтің атқарған
жұмыстар есебі**

Диагностикалық бағыт :

Қыркүйек

Қыркүйек айында 1 сынып оқушыларынан *Керн-Йерасек* тесті алынды. Мақсаты: Оқушылардың мектептегі оқуға дайындығын тексеру.


Онда оқушылар «Ер адам суретін салу», «Нүктелер көшірмесі» әдістері алынды.

Қатысқандар саны: 6

Қатыспағаны: 2

Сынып	Жоғары	Орташа	Төмен
1	5	1	0

Сыныппен тренингтер өткізу. Сабаққа қатысу, сырттай бақылау.



1-4 сынып оқушыларынан «Баспалдақ» әдістемесі алынды.

Мақсаты: Баланың өзін-өзі бағалау деңгейін және отбасындағы орнын анықтау.

Барлығы 30 оқушы қатысты.




Қорытынды: бастауыш сынып оқушыларының өзіндік бағалаулары қалыпты деңгейде. 12 оқушының өзіндік бағалауы жоғарғы деңгейде. Бұл өз кезегінде бастауыш сынып оқушыларына тән құбылыс. 18 оқушы өзін -өзі бағалауы оң көзқараста, яғни ол өзінің жасына сай бағалай алады.

5 сынып оқушыларынан Н.Г.Лусканов *«Мектеп мотивациясының скринингі»* алынды Қатысқандар саны: 9





9-11 сынып оқушыларымен «Мамандықтар матрицасы» Резапкина әдістемесі жүргізілді. Оқушылардың қай мамандыққа бейімділіктері жоғары екені анықталып, таңдаулары бойынша түсіндерме жұмыстары жүргізілді.



5 сынып оқушыларынан *Мазасыздық деңгейін анықтау үшін О.Н.Хмельницкая экспресс әдістемесі* жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша сынып оқушылары орташа деңгейде мазасыздық көрсеткішін көрсетті. Мазасыздық деңгейін анықтау үшін экспресс әдістеме О.Н.Хмельницкая сауаланамасы 15 сұрақты қамтиды. Мазасыздық деңгейін бағалау: 1-4 ұпай - төмен деңгей. 5-7 балл — орташа деңгей. 8-10 балл - жоғары деңгей. 11-15 ұпай - өте жоғары деңгей.


Барлық оқушы орта деңгейде мазасыздық деңгейін көрсетті. Екінші жарты жылдықта оқушылардан қайтадан мазасыздық деңгейін тексеру. Және қорқыныш үрейлерді бәсеңдетуге арналған жаттығулар жасату.

2-4 сынып оқушыларымен «*Мюнстрберг әдістемесі*» жүргізілді. Бұл әдістеме оқушылардың қаншалықты деңгейде ойлауларының даму дәрежін анықтайды. Әдістеме нәтижесі бойынша

2 сыныптан 4 оқушы орта дәрежелі дамуды, 2 оқушы төмен дәрежелі дамуды көрсетті.

3 сынып 2 оқушы жоғарғы дәрежелі дамуды көрсетсе, 6 оқушы орта дәрежелі дамуды, 1 оқушы төмен дәрежелі дамуды көрсетті.

4 сынып оқушылары 8 оқушы жоғарғы дәрежелі дамуды, 1 оқушы орта дәрежелі дамуды көрсетті.



Н.Г.Лусканов «Мектеп мотивациясының скринингі» 10 сұрақтан құралған сауалнама. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушылар келесі қортындыны көрсетті. 2 оқушы ІІ деңгейді - бұл мектептегі жақсы мотивация, бастауыш сыныптан жаңа буынға ауысқан уақытта, 7 оқушы ІІІ деңгейді.

ІІ деңгей. 20-24 ұпай – мектептегі жақсы мотивация. Бастауыш сынып оқушыларының көпшілігі осындай көрсеткіштерге ие, олар оқу іс-әрекетімен сәтті айналысады. Мектеп тақырыбындағы суреттерде олар оқу жағдайларын бейнелейді, ал сұрақтарға жауап беру кезінде олар қатаң талаптар мен нормаларға аз тәуелділікті көрсетеді. Мотивацияның мұндай деңгейі орташа норма болып табылады.

ІІІ деңгей. 15-19 балл-мектепке деген оң көзқарас, бірақ мектеп мұндай балаларды мектептен тыс жұмыстармен тартады. Мұндай балалар мектепте өздерін қауіпсіз сезінеді, бірақ достарымен, мұғаліммен сөйлесу үшін мектепке жиі барады. Олар өздерін шәкірт ретінде сезінгенді, әдемі портфолио, қаламдар, дәптерлер алғанды ұнатады. Мұндай балалардағы танымдық мотивтер аз дәрежеде қалыптасады және оқу процесі оларды аз тартады.

5-7 сынып оқушыларымен **«Жануарлар мектебі проективті әдістемесі»** өткізілді.



Оқушылардың көбі суреттері ашық түстерді қолданған, оқушылардың мектептегі жағымды эмоциялық жағдайын көрсетеді. Қарым-қатынаста кездесетін қиыншылықтарды түрлі жолдар арқылы жеңе отырып, мұғалімдермен қарым-қатынаста оқушыны жеке тұлға ретінде дамытуға, және қарым-қатынас тек адамдар арасында ғана емес ол қоршаған дүниемен, табиғатпен байланысты екенін оқушылар суретпен дәлелдеген. Жалпы айтқанда оқушылармен мұғалімдер арасында қиындықтар байқалмады.

7 сынып оқушыларында 2 оқушыда жануарлар арасы сызықпен бөлінген. Бұл өз кезегінде оқушылар арасында қарым- қатынас жағдайында кедергілер кездесетінін білдіреді.

5 сынып оқушысы суретінде сурет бірнеше рет өшірілген. Бұл өз кезегінде баланың бойында сенімсіздік бар екенін білдіреді. Алдағы уақытта түзету жұмыстары жүргізіледі.

Қазан айы

8-11 сынып оқушыларынан **«Шмишек Мінез акцентуациясы тесті»** алынды.

Тестке 24 оқушы қатысты. Тест нәтижесі бойынша мазасыздық деңгейі төмен дәреже 20 оқушы, 4 оқушы – орташа дәрежеде.

Қараша айы

8-11 сыныптар Филипптің мектептегі мазасыздығы тесті

Филиппс тестінің 9 бағыты бойынша 58 сұраққа оқушылар толық жауап берді. Зерттеу қорытынды бойынша 75% жоғары көрсеткіш көрсеткен оқушылар болмады. Жалпы сыныптың мазасыздық, уайым, өзін-өзі көрсету, стресс белгілері байқалмады. Сабақ соңында оқушыларға ББЖМ туралы ақпарат берілді. «Тестілеу кезінде өзінді қалай ұстау керек?» тақырыбында кеңес берілді.

Желтоқсан айы

5-7 сынып оқушыларымен Дж.Моренно социометрия әдістемесі жүргізілді.

Социометрияға барлығы 31 оқушы қатысты.

6 және одан көп - жұлдыздар: 9 оқушы

3-5 - қалаулылар: 17 оқушы


1-2- қалаусыздар: 2 оқушы

0- шектеулілер: 3 оқушы

Қаңтар айы

Дж.Голланд Кәсіби таңдау сауалнамасы

Дж.Голланд тестінің диаграммасы
8- 9 -11 сынып



Қортынды: барлығы 21 оқушы. 4 оқушы реалистік тип, зияткерлік тип 4 оқушы, әлеуметтік тип 5 оқушы, конвенционалды 2 оқушы, іскерлік тип 7 оқушы, әртістік тип 1 оқушы анықталынды. Сонымен қатар өзінің кәсіби ой-ниетерін қосымша білім алу арқылы іске асыра алатындығын көрсетіп отыр.

Ақпан

«Басса Дарки» тесті Оқушылардың агрессия және қарсылық күйін анықтау.

Зерттеу нәтижесі бойынша мектеп оқушылары арасында жоғары дамыған агрессия түрлі вербалды және физикалық белгілері байқалмады. 8-11 сынып оқушылары арасында күдіктенушілік пен негативизм көрсеткіштері байқалды. Бұл жас кезеңіндегі балалардың күдіктенушілігінің жоғары болуы заңды нәрсе. Өйткені балалар өз мамандықтарын таңдап алып, болашақта дербес өмір сүру

жолын тауып алу қажеттілігі алдында тұрғанымен байланысты. Бұл тестімен зерттелінген 21 баланың көрсеткіштері бір-біріне өте ұқсас келді. Олардың басым көпшілігінде жанама агрессия мен өкпелегіштік анық байқалды, сонымен қатар ұл балалардың барлығы және кейбір қыз балаларда вербалдық агрессия (жеккөрушілік, жақтырмау) көрініс берді.

Түзету-дамыту қызметі

Қыркүйек айы

Тақырыбы: *«Мен өзімді мақтан тұта аламын»*

Тренинг барысында оқушылар жақсы көңіл күйде болды. Дегенмен өз ойларын бөлісуге қысылған балалар болды. Алдағы уақытта осы оқушыларға басты назар аудару.



І сынып оқушыларымен жүргізілген диагностика нәтижесі бойынша дамытушы ойындар ойнатылды.

Қазан *«Өз құқығынды білесің бе?»*

Мектеп оқушыларының күзгі демалыс алдында құқықтары мен міндеттері жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Демалыс уақытында түнгі уақытта көшеде жүрмеу және құқықбұзушылыққа жол бермеу!




Қараша

«Өз эмоциянды басқара аласың ба?!» сегізінші сынып оқушыларымен тренинг өткізілді



Желтоқсан

«Закладчики. Расплата» бейнеролигін көрсетті



Қаңтар

11 сынып оқушыларына «Детство за стеной» бейнеролигі көрсетілді.



Оқушылар әр бейнероликтердің көрсетілімдерінен, құқық бұзушылықтың алдын алуды, ойланбай жасаған әрекеттердің зардабы барын және жеңіл ақша болмайтынын түсінгендерін айтып, ой бөлісті.

Кеңес беру бағыты


Жеке кеңестер:

Ата- аналарға кеңес –10

Оқушыларға кеңес-21

Мұғалімдермен кеңес -6

Топтық кеңес:



Қыркүйек айының 1 сынып оқушыларының ата -аналар жиналысына қатыстым. Жиналыс барысында ата- аналарға баланы мектепке дайындаудың әдістері туралы кеңес берілді. Баланың күн тәртібін тиімді ұйымдастыру .




ПМПК баратын оқушылардың ата –аналарына кеңес беру жұмысы жүргізілді.

Қажетті құжаттар және ЭЦК дайындауға көмек берілді.

«Сыныптағы буллингтің алдын алу» сынып жетекшілерге кеңес. Жадынамалар тарату.

« Мейірімділік асыл қасиет» мектеп оқушыларына арналған топтық кеңес . әлеуметтік желіге жадынамалар тарату.

« Вейп және темекі зияны» 5-11 сынып оқушыларына видеオリкетер көрсетіп, темекі мен вейптің зияны кеңес беру жұмысы жүргізілді.



Алдын- алу қызметі

Қыркүйек айы

«Буллинг және кибербуллинг» ата –аналар жиналысы

Жиналыс барысында ата аналарға слайд көрсету арқылы кибербуллинг және буллинг зардаптары мен осы проблемадан шығу жолдарын қарастыру туралы айтылды.



«Біз буллингке қарсымыз» республикалық флешмоб

Қазан айы

«Бала қауіпсіздігі қоғам келешегі» мектепішілік ата - аналар жиналысы. Жиналыс барысында суицид және оның шығу жолдары мен алдын алу әдістері туралы түсіндірме жұмысы жүргізілді. Жиналыс мектеп пен ата-аналар қауымының ашық пікір алмасу форматында жүзеге асырылып, балалардың өміріндегі, сондай-ақ онлайн кеңістіктегі қауіпсіздіктері туралы сөз қозғалған іс-шара болды.



«Жақсы көңіл күй жан азығы» мұғалімдермен тренинг . Мектеп ұстаздарымен педагогикалық күйіп қалудың алдың алу мақсатымен көңілді тренинг ұйымдастырылды. Тренингке ұстаздар белсене қатысты.



Қараша айы

«Қызым саған айтам.....» қыздармен әңгіме 8-11 сынып қыздарымен гигиенаны сақтау және репродуктивтік даму туралы әңгімелесу жұмысы жүргізілді. Ерте жүктіліктің зардаптары туралы айтылды.



Желтоқсан айы

«Спидке жоқ деп айт» 8-11 сынып оқушыларына салауатты өмір салтын ұстану, нашақорлықтан алшақ болу мақсатында әңгімелесу , түсіндірме жұмысы жүргізілді.



«Психология-гажайып әлем» психологиялық қызметтің апталығы ұйымдастырылды. Аптаның күндері әр тақырыпқа сай тапсырмалар, дамытушы ойындар, тренингтер, түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды. «Мейірімділік күні», «Ақылдылар күні», «Эмоциялар күні», «Бақытты сәттер

күні», «Бірлік күні» тақырыптарымен аталып іс шаралар ұйымдастырылды. Апталықтың ашылуында «Тілек шашуы» арқылы балаларға тілектен шашу шашылды. «Мейірімділік асыл қасиет» тақырыбында бейнероликтер тамашалады. Оқушылар « Мен өмірді сүйемін» тақырыбында сурет салды. «Көңіл күй рейтингі» арқылы өз көңіл күй дәрежелерін анықтады. «Би терапиясы» арқылы үзілісте би билеп , сергіп алды. «Бақытты сәттер» оқушылардың бақытты сәттерін бейнелейтін фотокөрме ұйымдастырылды. «Ашу ызымен не істеу керек» , «Алынбайтын асу жоқ» тақырыбында тренингтер ұйымдастырылды. «Ақылдылар күнінде» логикалық тапсырмалар мен сөзжұмбақтар шешу арқылы ойлауларын дамытты.



«Бала тәрбиесінде кеш қалмайық» тренинг мұғалімдер .Мектеп ұстаздарымен аталған тақырыпта тренинг жүргізілді. Тренинг барысында мектептегі зорлық -зомбылықтың алдын алу мақсатымен талқылаулар және түрлі жаттығулар орындалып, мәселеліні шешу жолдары қарастырылды.



Қаңтар

Құқық бұзушылық және зорлық- зомбылықтың алдын - алу мақсатымен 5 сынып оқушыларымен « Буллингке жол жоқ !» суретті сауалнамасы өткізілді.

